

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС НОРМАЛАРЫ

Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства
СТРОИТЕЛЬНЫЕ НОРМЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫСТЫҢ ҚОРҒАНЫШ
ҚҰРЫЛЫСТАРЫ**

**ЗАЩИТНЫЕ СООРУЖЕНИЯ ГРАЖДАНСКОЙ
ОБОРОНЫ**

**ҚР ҚН 2.03-03-2014
СН РК 2.03-03-2014**

Ресми басылым
Издание официальное

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің
Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері
комитеті

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального
хозяйства Министерства промышленности и строительства
Республики Казахстан

Астана 2025

АЛҒЫ СӨЗ

- 1 **ӘЗІРЛЕГЕН:** «ҚазҚСҒЗИ» АҚ, «ЗЦ Алматытехстройэксперт» ЖШС
- 2 **ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
- 3 **БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап

ПРЕДИСЛОВИЕ

- 1 **РАЗРАБОТАН:** АО «КазНИИСА», ТОО «ЗЦ Алматытехстройэксперт»
- 2 **ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
- 3 **УТВЕРЖДЕН (Ы) И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан от 29.12.2014 № 156-НҚ с 1 июля 2015 года.

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 2025 жылғы 16 мамырдағы №74-НҚ бұйрығына сәйкес өзгертулер енгізілді.

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан.

Внесены изменения в соответствии с приказом Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан от 16 мая 2025 года №74-НҚ.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ

| | | |
|----|---|----|
| 1 | ҚОЛДАНУ САЛАСЫ | 1 |
| 2 | НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР | 1 |
| 3 | ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАРЫ..... | 2 |
| 4 | МАҚСАТТАРЫ МЕН ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ТАЛАПТАРЫ..... | 3 |
| | 4.1 Нормативтік талаптардың мақсаттары..... | 3 |
| | 4.2 Функционалдық талаптар | 4 |
| 5 | ЖҰМЫС СИПАТТАМАЛАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР | 5 |
| | 5.1 Баспаналарды орналастырудың талаптары | 5 |
| | 5.2 Радиацияға қарсы паналарды орналастыру талаптары | 6 |
| 6 | БАСПАНАНЫҢ КӨЛЕМДІ-ЖОСПАРЛЫҚ ЖӘНЕ СЫНДАРЛЫ ШЕШІМДЕРІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР | 6 |
| | 6.1 Көлемді-жоспарлық шешімдері | 6 |
| | 6.2 Конструктивтік шешімдер | 7 |
| | 6.3 Гидроқшаулау және саңылаусыздандыру | 8 |
| 7 | РАДИАЦИЯҒА ҚАРСЫ ПАНАЛАРДЫҢ (РҚП) КӨЛЕМДІК-ЖОСПАРЛАНУЫ ЖӘНЕ КОНСТРУКТИВТІК ШЕШІМДЕРІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР | 8 |
| 8 | ЖҮКТЕМЕЛЕР МЕН ӘСЕРЛЕР, ОЛАРДЫҢ ЕСЕПТІК СИПАТТАМАЛАРЫ | 9 |
| 9 | САНИТАРЛЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕР | 9 |
| | 9.1 Паналардың ауа алмасуы және жылытылуы | 9 |
| | 9.2 Дизель электр станцаларының (ДЭС) ауа алмастырғышы | 11 |
| | 9.3 Радиацияға қарсы паналарда ауа алмасуы және жылытылуы | 11 |
| | 9.4 Паналар мен ДЭС-рын сумен және кәріз жүйесімен қамту | 11 |
| | 9.5 Радиацияға қарсы паналардың су және кәріз жүйесі | 12 |
| 10 | ЭЛЕКТРТЕХНИКАЛЫҚ ҚОНДЫРҒЫЛАР ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС | 12 |
| | 10.1 Электрмен жабдықтау және электр қондырғылары..... | 12 |
| | 10.2 Электрмен жарықталу | 13 |
| | 10.3 Қорғалған дизель электростанциялары (ДЭС)..... | 13 |
| | 10.4 Байланыс | 14 |
| 11 | СУ БАСЫП КЕТУ ҚАУІПІ БАР ЖЕРЛЕРДЕ ОРНАЛАСАТЫН БАСПАНАЛАР ... | 14 |
| 12 | ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ТАЛАПТАРЫ | 15 |

КІРІСПЕ

Осы құжат Қазақстан Республикасының құрылыс саласын аумақтық және әлемдік әдеуметтік экономикалық жүйеге кіруге бағытталған нормалаудың параметрлік әдісіне сәйкес келетін құрылыс саласындағы нормативтік негізін рефоралау аясында орындалған.

ҚР ҚН «Азаматтық қорғаныстың қорғаныс имараттары» мыналардан тұрады:

- нормативтік талаптардың мақсаттары;
- функционалдық талаптар;
- жұмыс сипаттарына талаптар.

Осы Қазақстан Республикасының «Азаматтық қорғаныстың қорғаныш имараттары» құрылыс нормалары Қазақстан Республикасының «Ғимараттар мен имараттардың, құрылыс материалдары мен өнімдерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» Техникалық регламентінің дәлелдік негізін қалайтын бірден-бір құжат болып табылады және құрылыс саласында халықаралық қарым-қатынастардағы техникалық кедергілерді жоюға бағытталынған.

Талаптарды қоюды жасаған кезде бірнеше нысандарды жобалау, құрылысын салу мен пайдалануға арналған отандық және шетелдің нормативтік-әдістемелік материалдар зерттелді және сарапталды.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰРЫЛЫС НОРМАЛАРЫ
СТРОИТЕЛЬНЫЕ НОРМЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫСТЫҢ ҚОРҒАНЫШ ҚҰРЫЛЫСТАРЫ

ЗАЩИТНЫЕ СООРУЖЕНИЯ ГРАЖДАНСКОЙ ОБОРОНЫ

Енгізілген күні - 2015-07-01

1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

Осы нормативтік құжат Қазақстан Республикасы аумағында жаңадан жобаланатын, кеңейтілетін және қайта жөндеуден өтетін өндірістік, қосалқы, тұрғын және қоғамдық ғимараттарда орналасатын азаматтық қорғаныстың қорғаныш имараттарын (баспана және радиацияға қарсы паналарды) және жерасты немесе биіктікте оқшау орналасқан имараттарды жобалау үшін қажетті талаптарды тағайындайды.

2 * НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР
(*Өзгерт.ред. – ҚТҮКШІК 16.05.2025 ж. №74-НҚ бұйрық*)

Осы құрылыс нормаларын қолдану үшін келесі сілтемелік нормативтік актілер мен нормативтік құжаттар қажет:

«Төтенше жағдай туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы N 387 Заңы.

«Азаматтық қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 188-V ҚРЗ Заңы.

«Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № 396-VI ҚРЗ Заңы.

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 17 тамыздағы № 405 бұйрығымен бекітілген «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламенті.

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2021 жылғы 5 қазандағы № 100 шешімімен бекітілген «Еуразиялық экономикалық одақтың «Азаматтық қорғанысқа және табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан қорғауға арналған өнімнің қауіпсіздігі туралы» техникалық регламенті.

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2023 жылғы 9 маусымдағы № 435 бұйрығымен бекітілген «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігі туралы» техникалық регламенті.

ҚР ҚН 3.01-03-2011 Өнеркәсіптік кәсіпорындардың бас жоспарлары.

ҚР ҚН 4.01-01-2011 Ғимараттар мен имараттардың ішкі су құбыры және кәрізі.

ҚР ҚН 4.02-01-2011 Ауаны жылыту, желдету және кондиционерлеу.

ҚР ҚН 2.03-03-2014

ҚР ҚН 5.01-02-2013 Ғимараттар мен имараттардың іргелері.

ҚР ҚН 5.01-03-2013 Қадалық іргетастар.

ҚР ҚН 5.03-07-2013 Күш түсетін және қоршау конструкциялары.

ҚР ҚН 2.04-01-2012 Табиғи және жасанды жарықтандыру.

ЕСКЕРТУ Осы мемлекеттік нормативтерді қолданғанда жыл сайын басылатын ағымдағы жылда ақпараттық тізімдер мен бағдарламалар, ай сайын басылатын ақпараттық бюллетендер мен көрсеткіштерге сәйкес, ағымдағы жылы басылып шыққан сілтеме жасалған нормативтік құжаттардың қолданыста екендігін тексерген жөн. Егер сілтемедегі құжаттар ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда осы мемлекеттік нормативтерді қолданғанда ауыстырылған (өзгертілген) құжаттарды басшылыққа алу керек. Егер сілтемедегі құжаттар өзгеріссіз күшін жойса, онда сілтеме жасалған талап осы сілтемені қамтымайтын бөлігінде қолданылады.

3* ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШК 16.05.2025 ж. №74-НҚ бұйрық)

Осы құрылыс нормаларында тиісті анықтамалары бар терминдер қолданылады:

3.1* Азаматтық қорғаныс: Қазақстан Республикасының халқы мен аумағын қазіргі заманғы зақымдаушы құралдардың зақымдау (қирату) факторларының әсерінен, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан қорғау жөнінде бейбіт уақытта және соғыс уақытында жүргізілетін жалпымемлекеттік іс-шаралар кешенін іске асыруға арналған азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінің құрамдас бөлігі;

3.2* Халықты қорғау: Төтенше жағдай қаупінің не зиянды факторлардың, техногендік апаттың не катастрофаның іске асу мүмкіндігінде зиян көрген аумақта адамдардың өмірі мен денсаулығын азайтуға не белгілі бір деңгейге дейін жоюға бағытталған ҚР ТЖМ уақыт бойынша жүргізетін, мақсаттары мен қорлары өзара тиімді байланысқан шаралар кешені.

3.3* Азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылысы: Халықты қазіргі заманғы зақымдаушы құралдардың зақымдау (қирату) факторларының әсерінен қорғау үшін арнайы жабдықталған және соған арналған инженерлік құрылыс.

3.4* Азаматтық қорғаныстың инженерлік-техникалық іс-шаралары: Бұл халықты қорғау, соғыс уақытында экономика объектілері жұмысының тұрақтылығын арттыру, ықтимал қираулардың, қазіргі заманғы зақымдаушы құралдарды қолдану салдарынан халықтың шығынының алдын алу немесе азайту, зақымдау ошақтарында, авариялар және дүлей зілзалалар аудандарында авариялық-құтқару және шұғыл жұмыстарды жүргізу үшін жағдай жасау мақсатында жүргізілетін іс-шаралар кешені.

3.5* Төтенше жағдайлардың көзі: Нәтижесінде төтенше жағдай орын алатын не болған табиғи қаіпті құбылыс, апат немесе қауіпті техногенді жағдай, жайыла таралып кеткен адамдардың жұқпалы ауыруы, сонымен қатар жалпы жою қаруын қолдану.

3.6* Төтенше жағдайлардың салдарларын жою: Инженерлік инфрақұрылымды, тұрғын үйді, қоршаған ортаны қалпына келтіру, халыққа әлеуметтік-оңалту көмегін көрсету бойынша жүргізілетін іс-шаралар, төтенше жағдайлар салдарынан жеке және заңды тұлғаларға келтірілген зиянды (нұқсанды) өтеу;

3.7* **Төтенше жағдай кезіндегі қауіп:** Төтенше жағдайлардың көздерінің әрекеті басталып кеткен немесе басталып кету қаупі бар жағдай.

3.8* **Төтенше жағдайлардың алдын алу:** Күні бұрын жүргізілетін және төтенше жағдайлардың туындау тәуекелін мүмкіндігінше барынша азайтуға, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтауға, олар туындаған жағдайда материалдық шығындардың мөлшерін азайтуға бағытталған іс-шаралар кешені.

3.9* **Қазіргі заманғы зақымдаушы құралдар:** Зақымдаушы (қирату) факторлары адамдарды, жануарлар мен өсімдіктерді зақымдауға, объектілерді бүлдіруге немесе қиратуға, қайталама зақымдау факторларының пайда болуына есептелген, жаппай жою қаруын және қарапайым зақымдаушы құралдарды, оның ішінде зымырандық, авиациялық және атыс қаруын қамтитын құрылғылар мен құралдар.

3.10* **Төтенше жағдай:** Адам шығынына, адамдардың денсаулығына немесе қоршаған ортаға зиян келтіруге, елеулі материалдық нұқсанға және адамдардың тыныс-тіршілігі жағдайларының бұзылуына әкеп соғуы мүмкін немесе әкеп соққан аварияның, өрттің, қауіпті өндірістік факторлардың зиянды әсерінің, қауіпті табиғи құбылыстың, апаттың, дүлей немесе өзге де зілзаланың салдарынан қалыптасқан белгілі бір аумақтағы жағдай;

3.11* **Паналайтын жер:** Заманауи зақымдау құралдарының зақымдаушы факторларынан, радиоактивті заттардың әсерінен, сондай-ақ өрттер кезінде жоғары температуралар мен жану өнімдерінен, улайтын заттар мен бактериялық құралдардан паналаушыларды қорғауға арналған азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылысы.

3.12* **Радиацияға қарсы жасырын пана:** Жергілікті жердің радиоактивті зақымдануы кезінде иондаушы сәулелердің әсерінен паналаушыларды қорғауға арналған азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылысы.

4 МАҚСАТТАР МЕН ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ТАЛАПТАР

4.1 Нормативтік талаптардың мақсаттары

Осы нормативтік талаптардың мақсаттары болып табылады:

– соғыс жағдайында ядролық және химиялық қарулардың жойғыш факторларынан, бомбалар мен снарядтардың жарықшаларынан, сонымен қатар бкйбіт уақытта табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде, салынған немесе ыңғайландырылған баспаналар мен радиацияға қарсы паналарда адамдардың өмірі мен денсаулығын қорғау үшін баспаналар мен радиацияға қарсы паналардың механикалық тұрақтылығы мен беріктігін, қолдану сенімділігін арттырып, паналанушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

– баспаналар мен радиацияға қарсы паналардағы адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтау үшін барлық қажетті жағдайларды қарастырып, жабдықтау;

– баспаналар мен радиацияға қарсы паналарға ыңғайланған ғимараттар мен имараттардың, бөлмелердің беріктігін қосымша негізгі конструкцияларды бекітіп, арттыру және төтенше жағдай кезінде олардың қызмет көрсетуін қамтамасыз ету;

ҚР ҚН 2.03-03-2014

– баспаналар мен радиацияға қарсы паналар мен оларда орнатылған қондырғылардың жарық және жарылыс әсерінен тұтанып кету қаупін азайту;

– баспаналар мен радиацияға қарсы паналардың су басып қалу қаупінен инженерлік-конструктивтік шешімдерді жүзеге асыру арқылы алдын алу.

4.2 Функционалдық талаптар

4.2.1 Азаматтық қорғаныс ғимараттары мен имараттары техникалық, қолданымдылық және санитарлық гигиеналық параметрлері бойынша жобалағанда, олардың құрылысын салғанда және пайдаланған кезде мына функционалдық талаптар орындалуы қажет:

а) механикалық беріктігі мен тұрақтылығы жағынан осы нысандар соғыс кезінде не төтенше жағдайлар кезінде баспана мен радиацияға қарсы пана ретінде пайдаланғанда олар барлық жарылыстар мен радиация сәулеленуінен, механикалық, технологиялық және табиғи әсерлерге апатсыз және қирамай, барынша максималды төтеп бере алулары қажет;

б) нысандардың өртке қарсы қауіпсіздігі – жанбайтын, отқа төзімділігі өте жоғары құрылыс материалдарын қолдану арқылы, жану мен от пен түтіннің таралуын болдырмау, түтін сорғыштарды қолдану, құрылыс құрылымдарының белгіленген уақыт аралығында беріктігі мен тұтастығын сақтап қалуы үшін өртке қарсы шараларды қолдану;

в) баспана мен радиацияға қарсы пана ретінде пайдалануға арналған ғимараттар, имараттар мен бөлмелер мына талаптарға сай жобалануы және салынулары қажет:

– соғыс кезінде не төтенше жағдайлар кезінде апаттық жағдайлар мен қираулар орын алмауы үшін нақты конструктивтік-технологиялық шешімдер қабылданып, орындалуы керек;

– соғыс кезінде не төтенше жағдайлар кезінде кемтар адамдар мен паналаушы адамдар азаматтық қорғаныс нысандарына еш кедергісіз кіре алатын жағдайлар жасалуы керек;

– соғыс кезінде не төтенше жағдайлар кезінде адамдардың өмірі мен денсаулығын қорғап қалу үшін өмірге қажетті техникалық жүйелер мен санитарлық-гигиеналық шарттар болуы керек;

– баспана мен радиацияға қарсы пана ретінде пайдалануға арналған ғимараттар, имараттар мен бөлмелерді жобалағанда және салғанда табиғи-климаттық, санитарлық-гигиеналық талаптарды, паналаушылардың ең көп санын ескере отырып орындау керек.

4.2.2 Баспаналар мен радиацияға қарсы паналар адамның өмірге қажетті сұраныстарын қанағаттандыратын қосалқы бөлмелермен, сонымен қатар медициналық көмек алу қондырғыларымен жабдықталуы қажет.

4.2.3 Азаматтық қорғаныс ғимараттары мен имараттары биік ғимараттар мен электр желілері құлауы мүмкін, коммуналдық шаруашылық техникалық қамту жүйелерінің істен шығу қаупі бар нысандар ретінде қарастырылуы қажет.

4.2.4 Азаматтық қорғаныс ғимараттары мен имараттарын жобалау бейбіт уақытта қоршаған ортаны қорғау талаптарына сай орындалуы қажет.

5 ЖҰМЫС СИПАТАМАЛАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

5.1 Баспаналарды орналастырудың талаптары

5.1.1 * Азаматтық қорғаныстың қорғаныш құрылыстары соғыс уақытында қазіргі заманғы зақымдаушы құралдардың зақымдау (қирату) факторларының әсерінен қорғануға арналған және бейбіт уақытта экономика объектілері мен халыққа қызмет көрсету қажеттіліктері үшін пайдаланылуға тиіс. *(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШК 16.05.2025 ж. №74-НҚ бұйрық)*

5.1.2 Баспананы жобалау жаңа имаратты жобалау немесе қолданыстағы кәсіпорындарды, ғимараттар мен имараттарды қайта құруға арналған тапсырыстың құрама бөлігі болып табылады.

Азаматтық қорғаныстың қорғаныш имараттарын жобалау кезінде құрылыстың нақты алаңшағындағы конструкциялар оның функционалдық тиімділігіне және экономикалық мақсатқа лайықтылығына қарай қабылдануы қажет.

5.1.3 Баспана жобалық тапсырысының құрамы, жоба кезеңдері, жобаны жасау мен өңдеу өндіріс және тұрғын-азаматтық құрылыс жобасы мен сметасын жасауға арналған нұсқама талаптарына сәйкес қабылданады.

5.1.4 Баспананы жобалау тапсырысында нұсқаудың талаптарына қосымша қорғаныс баспанасының класын (тобын), қорғанатын ерлер мен әйелдердің санын, ауа желдеткішінің режимдерін, бейбіт уақытта бөлмелердің мақсаттық пайдалануын, жобаның техникалық-экономикалық көрсеткіштерін көрсету қажет.

5.1.5 Баспананың жұмыстық жобалары (жобалар, жұмыстық құжаттар) кәсіпорынның, ғимараттың, имараттың жұмыстық жобалар (жобалар, жұмыстық құжаттар) құрамына дербес тараулар (бөліктері, томдары, альбомдары және т.б.) ретінде орындалып, кіреді.

5.1.6 Ғимараттың паналы бөлігінде немесе оқшау жерасты имаратта орналасқан қорғаныс имараттарының бөлмелерінің құрамы оларды бейбіт уақытта пайдаланылатындай анықталуы қажет, және бейбіт уақытта пайдаланылатын бөлмелердің аудандары қорғаныс имараттарына қажетті аудандардан аспауы керек.

5.1.7 Қорғаныс имараттарына лайықталынатын қойманың бөлмелері тиейтін, жинақтайтын және түсіретін транспорт құрылымдарымен жабдықталуы қажет.

5.1.8 Баспаналарды жобалағанда олар арқылы өтетін су, кәріз, жылыту құбырларын, электрмен қамту жолдарын, сонымен қатар сығылған ауа құбырларын, газ құбырларын және ыстық су құбырларын баспананың бөлмелері арқылы жүргізуге тыйым салынады.

Іргелес баспаналарда аталған инженерлік коммуникацияларды, егер олар ғимараттардың (имараттардың) жүйелерімен біріктіріле орындалған болса, баспаналардың қорғаныстық қасиеттерін жоймайтын жағдайда ғана және жабатын не өшіретін қондырылғылармен жабдықталғанда ғана жүргізуге болады.

Кәріз құбырлары баспана еденіне немесе жабынды астына берік бекітілген болат құбырлар ішіне не темірбетон қораптарына орналастырылуы қажет.

5.1.9 Іргелес баспананың жабындысы үстімен жүргізілген ғимараттың су, жылыту және кәріз жүйелері оларды бейбіт уақытта қарау және жөндеу жұмыстарын жасау үшін

ҚР ҚН 2.03-03-2014

арнайы коллекторлар (бетон немесе темірбетон арналарда) ішіне орналастырылуы керек. Коллекторлардың ағыс бағытында ылдиламасы болуы керек.

5.1.10 Баспаналар жанбырдың суы астында бату мүмкіндігінен қорғаныста болуы керек, және ғимараттың немесе имараттың жоғарғы қабаттарында орналасқан ыдыстардың қирауынан аққан басқа да сұйықтардан қорғаныста болуы керек.

5.2 Радиацияға қарсы паналарды орналастыру талаптары

5.2.1 Радиацияға қарсы паналарға жобаланатын немесе лайықтанатын бөлмелерге келесі талаптар қойылады:

– ғимараттың немесе имараттың тысқы қоршаушы конструкциялары гамма-сәулелерін қажетті еселік мөлшерде азайтуды қамсыздандыруы керек;

– тесіктер мен ойықтар бөлмені баспана режиміне аудару кезінде оларды бітеп тастауға дайын болулары керек;

– бөлмелер паналаушылардың көпшілігінің келетін орнына жақын жерлерде орналасуы керек.

5.2.2 Жер төледе, еден астында, жер үсті тұрғын үйлерде, қоғамдық және өзге ғимараттар мен құрылыстарда орналасқан радиацияға қарсы паналардың қорғаныс қасиеттерінің артуы үй-жайларды пана режиміне аудару кезеңінде жүргізілуі тиіс.

Үй-жайды сүзгі желдету жүйесімен орналастыру және оған жабдықты орнату күні бұрын жүргізіледі.

5.2.3 Радиацияға қарсы паналардың еденінің деңгейі жерасты суларының ең жоғарғы деңгейінен биік болуы керек.

5.2.4 Транзиттік және ғимараттың жүйесімен байланысқан газ құбырларын, бу жолдарын, ыстық су құбырларын, сығылған ауа құбырларын радиацияға қарсы паналардың бөлмелері арқылы жүргізуге тыйым салынады.

6 БАСПАНАНЫҢ КӨЛЕМДІ-ЖОСПАРЛЫҚ ЖӘНЕ СЫНДАРЛЫ ШЕШІМДЕРІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

6.1 Көлемді-жоспарлық шешімдері

6.1.1 Баспаналар үшін лайықталған бөлмелерге өтетін өткелдер мен ойықтардың өлшемдері осы бөлмелерге оларды бейбіт уақытта пайдалану мақсаттарына сай осы бөлімнің және басқа нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес болуы керек.

6.1.2 Ғимараттан шыға берістің жалпы ені баспанаға кіре берістері ендерінің қосынды шамасынан кем болмауы керек.

6.1.3 Биіктетілген және баспананың бірінші қабаттарына жапсарласқан кіре берістердің конструктивтік-жобалық шешімдері өткіш радиациядан қажетті қорғанысты қамтамасыз етуі және қорғалған бөлмелерге сәулелердің тура түсуін болдырмайтын болуы керек.

6.1.4 Бейбіт уақытта қойма бөлмелері ретінде қолданылатын іргелес баспаналар

үшін кәсіпорынның аумағынан кіретін кіре берістер саны кем дегенде бірден аз болмауы керек.

6.1.5 Барлық баспаналарға кіре берістер, тамбурлар-шлюздермен жабдықталғандарынан басқалары, тамбурлармен жабдықталуы керек.

Бейбіт уақытта қолданылатын және қорғаныстық-саңлаусыз және саңлаусыз есіктермен жабдықтаған кіре берістер өртке қарсы қойылатын талаптарға сәйкес болуы керек.

6.1.6 Тамбур-шлюздің ені, тамбурдың және тамбур алдының ені мен ұзындығы есіктердің айқара ашылғанында есік жалпақтығынан неғұрлым енді болуы керек.

6.1.7 Баспаналар ретінде лайықталған бөлмелердің бір апаттық (эвакуациялық) шыға берісі болуы керек.

Баспадан тоннелге шыға беріс қабырғаның тысқы және ішкі жақтарына орналастырылған қорғаныстық-саңлаусыз және саңлаусыз қақпақтармен жабдықталуы керек.

6.1.8 Кіретін және апаттық шыға берістер атмосфералық жауын-шашындардан және жер бетіндегі сулардан қорғаныста болулары керек.

Кіре берістерді атмосфералық жауын-шашындардан қорғайтын павильондар жеңіл, жанғыш емес материалдардан орындалуы керек.

6.2 Конструктивтік шешімдер

6.2.1 Баспаналар үшін лайықталған бөлмелердің конструкциялары паналаушыларды серпінді толқындардың, иондағыш сәулелерден, сәулеленуден және жылу әсерінен қорғауды қамтамасыз етуі қажет.

Баспаналар үшін лайықталған бөлмелер саңлаусыз болуы керек.

6.2.2 Жер бетінен жоғары шығып тұрған немесе қорғалмаған жертөлелерге жабыса орналасқан, топырақ үйіндісімен көмілмеген темірбетон қабырғалардың, сонымен қатар кіре берістерге қабыса орналасқан қабырғалардың термоизоляциялық қабаттары болуы керек.

6.2.3 Ғимараттың жерүсті бөлігі элементінің қабысуының құрылымдық шешімдері ғимараттың жерүсті конструкциясының сүйене орналасқан баспана жабындысына еркін сүйенуін қамтамасыз етуі керек.

6.2.4 Майысатын және орталық емес қысыдатын темірбетон элементтердің ең күш түскен жерлерінде көлденең арматураларды жиірек орналасуын қамтамасыз ету керек.

6.2.5 Тіреулер мен фундаменттерді құрама немесе біртұтас темірбетоннан жобалау керек.

6.2.6 Негізгі тірегіш қабырғаның және бағаналардың жабындылармен және фундаментпен түйіскен жерлері құрастыру мен есептік күштер түскенде баспананың кеңістіктік қаталдығын қамтамасыз етуі қажет.

6.2.7 Азық түлік сақтауға арналған бөлменің еденін бетондағанда салынатын тор болат сымнан болуын қадағалау керек

Азық түлік сақтауға арналған бөлменің кіретін есіктері тұтас, саңлаусыз,

ҚР ҚН 2.03-03-2014

цинктелінген болат жабындымен қапталған болуы керек.

6.2.8 Баспанаға лайықталынған бөлменің сыртқы байланыстарын қамсыздандыратын коммуникациялар және ішкі жабдықтар жүйесінің қызмет етуін сыртқы қауіпті әсерден қамтамасыз ету үшін енгізілген тораптарда қосымша компенсациялық құрылғылар қаралуы керек.

6.3 Гидрооқшаулау және саңылаусыздандыру

6.3.1 Су басу ықтималдығы жоғары және ылғалды топырақты аймақтарда орналасатын баспаналарда гидрооқшалауды орама материалдан және жеке қаңылтырлардан жасағанда есептік жүктеменің әсерінен болатын шарттарды есепке алып орындау керек.

Көрсетілген баспаналарды жобалағанда анықтауға қоршаушы конструкцияларда жарықшақтардың болу қаупі бар аймақтарын анықтау қажет және олардың ең қатал есептік қауіпті әсер кезінде енінің ашылып кетуін де есептеу керек.

6.3.2 Инженерлік коммуникацияның енгізілген жерлері оларды қарауға және баспананың ішкі жағынан жөндеу үшін жетімді болуы керек.

6.3.3 Электрмен қамту және байланыс тораптарының байланыстырылған (құбырлы) бөліктерінде бос орындарды кабелдік мастикамен күйю көзделуі тиіс.

7 РАДИАЦИЯҒА ҚАРСЫ ПАНАЛАРДЫҢ (РҚП) КӨЛЕМДІК ЖОСПАРЛАНУЫ ЖӘНЕ КОНСТРУКТИВТІК ШЕШІМДЕРІ

7.1.1 Денсақтау мекемелері үшін радиацияға қарсы паналарда келесі негізгі бөлмелер болуы керек: ауырғандар мен емделіп келе жатқандарды орналастыру үшін, медициналық және қызметкөрсететін персоналдар үшін, процедура (таңатын жер), буфет және медбикенің бекеттері үшін.

7.1.2 Ауа алмастырғышты (вентилятор) қолмен қосқанда шаңға қарсы сүзгіштерде қызмет көрсететін персоналдың радиациялық тұра сәулелену мүмкіндігін болдырмайтын қорғаныс экрандары болуы керек.

7.1.3 Радиацияға қарсы паналардың тысқы қоршаушы конструкциялары сол жердің радиоактивті залалданған аумақтың иондаушы сәулелерінің әсерінен және соққы толқындардың әсерінен қорғау қабілеті болуы керек.

7.1.4 Радиацияға қарсы паналардың негізгі бөлмелерінде радиоактивті шөгулерден залалдануды болдырмау үшін терезелердің қорғалмаған бөліктерінде қалқалайтын қондырғылар көзделуі керек.

7.1.5 Радиацияға қарсы паналардың кіре берістеріне кәдімгі есіктер қондырылуы керек. Бұл ретте аз бұзылуы ықтимал зонасында соққы толқынлар әсері кезінде есік тақтайшасын ашық жағдайда ұстап тұратын құрылғы болуын көздеу қажет.

8 ЖҮКТЕМЕЛЕР МЕН ӘСЕРЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЕСЕПТІК СИПАТТАМАЛАРЫ

8.1 Темірбетон элементтерінің беріктігін есептеу

8.1.1 Конструкциялар бөлмелерді бейбіт уақытта пайдаланғанда жүктемелер мен әсерлердің қосынды әсеріне шыдамдылығы, сонымен қатар кейбір бөліктерінің пайдалану кезінде ғимараттар мен имараттардың жоғарғы қабаттарының салмақтық әсерінен отырып қалу кезінде баспананың сақталып қалуы есептеумен тексерілуі керек.

8.1.2 Құрылыс конструкцияларын жобалау нормаларын ескере отырып, тұрақты және уақытша жүктемелер мен әсерлер есептеулер арқылы анықталуы қажет.

8.1.3 Баспаналардың темірбетон конструкциясының элементінің беріктік есебі элементтің бойлық өсіне нормал және қиғаштау қималары үшін орындалуы керек. Сонымен қатар, элементтің есебі күштің жергілікті әсері (бүктелу және сығылу) үшін де орындалуы қажет.

8.1.4 Құрама-біртұтас темірбетон конструкциялар уатқыш кернеудің әсеріне есептеулер арқылы тексерілуі керек.

8.1.5 Қорғаныстық имараттарында алдын ала күш салынған темірбетон конструкцияларды қолданғанда материалдардың есептік сипаттамаларына міндетті шектік әсер баспаналарда жарықтар болдыратын әсерлерден артық болуы керек.

Алдын ала күш салынған темірбетон конструкцияларды пайдаланғанда, егерде арматура бетонмен толық бекітілмесе, баспаналарда оларды қолдануға болмайды.

8.1.6 Орталықтық емес қысылған элементтер: сыртқы күш қима симметриясының жазықтығына әсер еткенде және арматура осы жазықтыққа перпендикуляр жинақталған жағдайда элементтің бойлай өсіне нормал қима есебі берідген тепе теңдік шартына сай анықталатын бетонның қысылған зонасының салыстырмалы биіктігі ξ мен бетонның қысылған зонасының салыстырмалы биіктігінің шектік мәніне ξ_R қатынасы арқылы табылуы керек (ξ_R мәнінде элементтің шектік қысым күйінің арматураның есептік созылу кедергісіне теңесуі бір уақытта жетеді).

8.1.7 Аралық тіреулерге қойылатын кесілмеген құрама-біртұтас майыспалы конструкциялар материалдардың түйіскен жерлерінде пайда болатын опырылу кернеуіне шыдамы есептеу арқылы тексеруден өткізілуі керек.

8.1.8 Паналардың қоршаушы конструкциялары радиация әсерлерін жеткілікті деңгейге дейін азайтуды қамтамасыз етулері қажет.

9 САНИТАРЛЫҚ-ТЕХНИКАДЫҚ ЖҮЙЕЛЕРГЕ ТАЛАПТАР

9.1 Паналардың ауа алмасуы және жылытылуы

9.1.1 Паналарды желдету жүйесін екі режимге жобалау қажет: таза желдету (I-режим) және сүзгілеп желдету (II-режим).

Таза желдету режимі кезінде тозаңнан тазартылған сырқы ауаны панаға беру талап етілетін ауа алмасумен және үй-жайдан жылу бөліністерін және ылғалды жоюмен

ҚР ҚН 2.03-03-2014

қамтамасыз етілуі тиіс.

Панаға берілетін сүзгі желдету кезіндегі сыртқы ауа жаппай зақымдайтын газ тәріздес құралдардан, аэрозольдерден және шаңнан тазалануы тиіс.

9.1.2 Сыртқы ауа температурасы плюс 25оС климаттық аймақтарда орналасқан паналарда III-режимдегі артық жылуды жою үшін сыртқы ауаға арналған құрылғыларды көздеу қажет.

9.1.3 Қоршау конструкцияларымен жылуды сіңіру (qОГР) тек бір режим үшін, әдетте II-режим үшін ескерілуі тиіс.

Егер жобалауға арналған техникалық тапсырмада III-режимдегі пана кезектілігі бойынша бірінші секілді берілсе, онда жылуды сіңіру тек III-режим үшін ғана ескеріледі. Паналардағы қоршау конструкцияларымен жылуды сіңіру себу болған кезде ғана ескеріледі.

9.1.4 Ауаны салқындату құрылғылары үшін суық көздері ретінде тереңдетілген резервуарларда сақталатын немесе су тоған ұңғымаларынан алынатын су көзделуі тиіс.

9.1.5 Сыртқы жағынан салынатын ағынды және сору жүйелерінің ауа өткізгіштері соққы толқынының ықпалына есептелген құрылыс конструкцияларынан орындалады немесе болат электр пісіру құбырларынан құрастырылады (қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес) және қорғаныс құрылысының жағына қарай еңіспен төселуі тиіс, бұл ретте, жарылысқа қарсы құрылғы алдында конденсатты бұру көзделуі тиіс.

Сіңіру сүзгілерінің және регенерациялық қондырғыларының ауа өткізгіштерін табақ болатынан дайындау қажет.

Жоғары температурадағы ауа тасымалданатын ауа өткізгіш жылу оқшауланған болуы тиіс.

9.1.6 Пана желдеткішінің ағынды жүйесі олардың санын тепе-тең жабу үшін үй-жайға ауа берумен қамтамасыз етілуі тиіс.

Тасымалдауға келмейтін ауруларға арналған паналардағы ауа айналымына рұқсат берілмейді.

9.1.7 ДЭС таза желдету, сүзгілеп желдету және желдету үшін ауа жинағыштар бөлінген болуы тиіс.

Паналардың таза желдету ауа жинағыштары, сондай-ақ ДЭС үй-жайының желдетуі ғимараттар мен құрылыстардың үйінділерінен тыс орналасуы тиіс.

Пана ішіндегі таза желдетудің және сүзгілеп желдетудің ауа жинағыштары оған герметикалық қақпақты орната отырып, сүзгілеп желдету режимі бойынша ауаны беру жағдайларымен есептелген өз ара қима ауа өткізгішімен біріктірілуі тиіс.

Таза желдетудің және сүзгілеп желдетудің ауа жинағыштары пананың, ДЭС үй-жайының және дизель пайдаланылған газдың шығу басының желдету сорғы жүйелерінің шығарылуының нормаланатын қашықтығына орналасуы тиіс.

Ауа жинағыштарды және сору құрылғыларын қардың басуынан қорғау үшін жоғары жылдық нормалардың көлемдері бар солтүстік құрылыстық-климаттық аймақ аудандарында қардан қорғау құрылғылары көзделген.

9.1.8 Жылыту жүйесі пананы толтыру кезінде тоқтатылатын ғимараттың жалпы жылыту жүйесінің дербес бұрылу түрінде жобалануы тиіс.

Жылу тасымалдағыштың түрі және жылыту жүйесінің қыздырғыш құралдарының

түрі бейбіт уақыттағы үй-жайларды пайдалану жағдайларынан таңдалады.

9.2 Дизель электрстанцияларының (ДЭС) ауа алмастырғышы

9.2.1 ДЭС бөлмелеріндегі су-сумен немесе тура тартқыш салқындату жүйелерімен жабдықталған ауа алмастырғыш таза ауамен алмастыру және сүзгіш арқылы паналардың негізгі бөлмелерінде ауа алмастыру режимдерінде ауа сол паналаушылар орналасқан бөлмедегі ауамен жұмыс істеуі қарастырылуы қажет.

9.2.2 ДЭС-терде орнатылған стартерлі аккумуляторлар табиғи жолмен шкафтың төменгі жағында орналасқан жалюзді торшалар арқылы ауа алмасумен салқындатылуы керек. Шкафтың жоғарғы жағы жалпақ және ауаны тартатын ауа жолы болуы керек.

Ауа жолы бөлме ішінде еңістігі шкаф жаққа қарай тартылуы қажет. Шкаф тұсында ауа жолы каналында жапқыш арматура (вентиль, ысырма немесе пробкалы кран) қондырылуы керек.

Ауа жолы каналын панадан алшақ сыртта және жалюздік торлардың орналасқан биіктігінде ауа тарту шахтасына бекітіле қондырылуы керек.

9.3 Радиацияға қарсы паналарда ауа алмасуы және жылытылуы

9.3.1 Денсақтау мекемелерінің радиацияға қарсы паналарында ауаны жаңарту сыйымдылығына байланысты механикалы жолмен қосылатын ауа алмастырғышпен жабдықтылуы керек.

9.3.2 Ғимараттың бірінші қабаттарында орналасқан радиацияға қарсы паналарында ауаны жаңартуы табиғи жолмен терезе не қабырғадағы саңлаулар арқылы жүзеге асуы керек.

9.3.3 Радиацияға қарсы паналарда жылыту жүйесі ғимараттың жылыту жүйесімен ортақ жобалануы керек немесе дәлелденген жағдайда жеке тармақ түрінде орындалып және ажырату құрылғылары болуы керек.

Басқа жағдайларда радиацияға қарсы ауа шығарғыштар ҚР ҚН 4.02-01-2011 «Ауаны жылыту, желдету және кондиционерлеу» сәйкес орындалады.

9.3.4 Денсаулық сақтау мекемелерінде радиацияға қарсы паналары орналасуына байланысты механикалық қондырғылармен желдеткіш қамтамасыз етіледі.

9.3.5 Паналардың жылытқыш жүйесі ғимараттардың немесе оны негіздеу кезінде жалпы жылыту жүйесімен бірге жобалануы керек – бөлек бұтақ ретінде және өшіру қондырғысы болуы тиіс.

9.4 Паналар мен ДЭС-рын сумен және кәріз жүйесімен қамту

9.4.1 Ауызсу қоры бар сыйымдылықтар, әдетте, судың толық алмасып тұруын қамтамасыз етіп, нормаланған уақыт аралығында суды ағынды су арқылы толық алмастыруы керек.

9.4.2 * Ауызсу қор сыйымдылықтары су деңгейінің көрсеткіштермен жабдықтылып және оның ішін тазалап, бояу үшін люктермен жабдықтылуы керек.

ҚР ҚН 2.03-03-2014

Құрылыстар, құрылғылар мен қондырғылар, құбырлар, сыйымдылықтар және олардың ішкі тоттануға қарсы жабындары үшін ауыз су сапасын тасымалдау және сақтау кезінде шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау практикасында қолдану үшін Еуразиялық экономикалық одақтың Өнімдерді мемлекеттік тіркеу туралы куәліктердің бірыңғай тізілімінде тіркелген материалдар, жабдықтар, заттар, құрылғылар пайдаланылады.

Суды пайдалану мен пайдаланған суды шығару нормалары сыртқы су құбыры жұмыс істегенде ішкі су құбырларын және кәрізді жобалау ҚР ҚН 4.01-01-2011 «Ғимараттар мен имараттардың ішкі сукұбыры мен кәрізі» талаптарына сай орындалуы керек. *(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШК 16.05.2025 ж. №74-НҚ бұйрық)*

9.4.3 Баспананың санитарлық бөлік бөлмесінде пайдаланылған ағынсуды жинайтын апаттық резервуар көзделуі қажет, және оны тазарту мүмкіндігі де қарастырылуы керек.

9.5 Радиацияға қарсы паналардың су және кәріз жүйесі

9.5.1 Сыртқы су құбыры жұмыс істегенде суды пайдалану және шығару нормалары пананың сыйымдылығын және суды пайдалану және шығарудың үлестік нормаларын есепке алу арқылы жүзеге асуы керек..

Су құбыры болмаған жағдайда паналарда бір паналаушыға шаққанда, олардың есептік паналау уақытын ескере отырып ауызсуға арналған жылжымалы бактар орналастыру қарастырылуы керек.

9.5.2 Кәріз жүйесі жоқ бөлмелерде былғаныштар жиынын жинайтын және ассенизационды көлікпен шығарылатын опалы - клозет немесе тазаланатын резервуар көзделуі қажет.

9.5.3 Кәріз жүйесіне қосу мүмкіндігі жоқ жертөледе орналасқан радиацияға қарсы паналарында немесе өздігінен сыртқы кәріз жүйесіне ағып кету мүмкіндігі болмаса сорып шығаратын насос бекетін жобада көздеу қажет.

10 ЭЛЕКТРТЕХНИКАЛЫҚ ҚОНДЫРҒЫЛАР ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС

10.1 Электрмен жабдықтау және электр құралдары

10.1.1 Паналарды электрмен жабдықтау қала (мекеме) арқылы жүзеге асуы керек. Тасымалдауға келмейтін ауыруларға арналған паналарды электрмен жабдықтау қаланың (мекеменің) екі өз ара тәуелсіз көздерінен орындалуы керек.

10.1.2 Қаланың сыртқы жүйесінен немесе топталған ДЭС дан тартылған электр сымдары панаға кірер жерінде компенсациялық торабы (қорап ішінде) болуы керек.

10.1.3 Баспанаға кабел енгізілген жерінде енгізу-реттегіш құрылымның қондырғысын көздеу қажет, реттегіш және топты қалқағыш сияқты олар қорғалған болуы керек.

ДЭС-ның сыртқы енгізулерінен электрмен қамтуды ауыстыру қолмен орындалуы керек.

10.1.4 Қуатты электрқабылдағыш және жұмыстық жарық түсіруді электрге қосу

тәуелсіз желілер арқылы орындалуы керек.

Ғимаратта барлық электр сымдары оқшауланған тартылыммен немесе алюминий сымдары бар кәбілдермен орындалуы керек.

10.1.5 Сыртқы желі кәбілдері баспананың жұмысының I және II режимдеріне сай сұранысқа қарай ең жоғарғы есептік жүктемеге қарастырылып есептелуі керек.

10.1.6 Пананың вентиляторлары мен насостарының электр қозғалтқыштарын басқару жергілікті орындалуы керек, тек дәлелденген жағдайда ғана – алыстан басқару (дистанционно).

10.1.7 Электрқондырғылардың барлық металл бөліктері ЭҚКЕ және «Электрқондырғыларда желілерді жерге қосу мен нөлдеу нұсқамалары» талаптарына сәйкес берік жерге қосылуы керек.

10.2 Электрмен жарықталу

10.2.1 Азаматтық қорғаныс ғимараттарында люминесценттік шамдарды жарықтандыру үшін қолдануға болмайды.

10.2.2 Ортақ жарық түсіру және штепселді тоқ көзінің топтық желілері, сонымен қатар берілген қуаттағы электрқабылдағыштардың да, қорғаушы аппараттың ұзақ мерзімдік ток жүктемесіне лайықталып, ток күшінің берілген мәніне сай есептелінуі керек.

Баспаналарда электрлік жарықтандыру желілерінде оларды жүргізу әдісіне байланыссыз шамадан тыс кернеуден қорғау жүйесі болуы керек.

10.3 Қорғалған дизель электростанциялары (ДЭС)

10.3.1 Әрбір баспанаға ДЭС реттегіш қалқанынан коммутациялық аппараты бар және ықтимал шамадан тыс кернеу мен қысқа тұйықталулардан қорғанысы бар жеке фидер көзделген болуы керек.

ДЭС-дан кабельдік желілердегі кернеудің шығынына деген тексеруден өтуі қажет.

10.3.2 Дизель электростанциясы келесі талаптарды ескеру арқылы жобаланады:

– дизель-генератор қуаты қосымша электр қуатынсыз электрқабылдағыштың есептік қуатына сәйкес болуы керек;

– генераторлардың жиілігі мен кернеуі желідегі жиілік пен мен кернеуге сәйкес болуы керек. Сыртқы желі мен дизель-генератордың кернеулерінің әр түрлі мәндерінде сәйкестендіретін құрғақ трансформатор ескерілуі керек;

– генератор статорының қосылатын жерлері «үш фаза және нөл» төртсымдық сызба бойынша орындалуы керек;

– бір дизель-генераторды жобалағанда ол автоматты емес немесе I дәрежелі автоматтандырылған болуы керек, екі және одан көп дизель-генераторларда олардың жұмысын сәйкестендіретін қондырғы қарастырылуы керек;

– генераторда қысқа тұйықталудан және артық кернеуден қорғанысы болуы керек.

10.3.3 ДЭС электроагрегатының қуаты санитарлық-техникалық құрылғылардың (ауаны жаңарту жүйесінің, кондиционерлердің, насостардың және т.б.) және баспананы

ҚР ҚН 2.03-03-2014

жарықтандыру режимінде жұмыс істейтін электрқабылдағыштардың ең көп қажетті қуатына сай анықталуы керек.

Дизельдің ең төмен жүктеу қуаты оны қолданған кезде оның номиналды қуатынан кем болмауы керек.

10.3.4 Дизель-генератор бетон фундаментте орналастырылып, анкерлік болттармен бекітілуі керек. Фундаменттің жоғары жағы еден деңгейінен жоғарыда орналасуы керек.

10.3.5 Генератор нейтралы баспанада орналасқан жерге жалғау контурымен жалғануы керек.

10.3.6 Жұмсалатын жанармай бағының демалатын құбыршалары ауа алмасу жүйесінің ауа шығаратын камерасымен жалғануы керек.

10.3.7 Түтін шығаратын құбырша дизел жаққа еңіспен тартылады және ылғал шығаратын құрылғысы болуы керек.

Түтін шығаратын құбырша имарат ішінде жылулық оқшаулануы керек. Жылулық оқшаулағыштың бетінің температурасы үш еселенген бөлме температурасынан аспауы керек.

Дизель жұмыс істеп тұрған кезде жылулық оқшаулағыштан зияндар ДЭС бөлмесіне шықпауы қажет.

Қоршаушы конструкциялар арқылы түтін шығаратын құбырша қаланған жерлер арқылы шығарылуы керек, ал конструкция бөлменің саңлаусыздығын қамтамасыз етуі және ыстық құбыршадан қоршаушы конструкцияларға жылуын бергізбейтіндей болуы керек.

10.4 Байланыс

10.4.1 * Әрбір пана мекеменің басқармасымен телефон арқылы байланысы және қаланың және жергілікті телерадио хабарларын тарату желілеріне жалғанған қатты дауыс шығарғаштары болуы керек. *(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШК 16.05.2025 ж. №74-НҚ бұйрық)*

10.4.2 * Мекеменің басшылары орналасқан радиацияға қарсы панада азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесімен телефон арқылы байланысы және қаланың және жергілікті телерадио хабарларын тарату желілерімен жалғанған қатты дауыс шығарғаштары болуы керек.

Радиацияға қарсы паналарда басқару пункті болмайды. *(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШК 16.05.2025 ж. №74-НҚ бұйрық)*

10.4.3 * Имаратқа кіретін жүйелер тек қана жерасты арқылы тартылуы керек және олар сальниктік тығыздағыш арқылы өткізіліп, кабелдік мастикамен құйылып тасталынады.

Телефон кабелдері телерадио хабарларын тарату желісі кабелдерден бөлек құбыр ішінде өткізілуі керек. *(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШК 16.05.2025 ж. №74-НҚ бұйрық)*

11 СУ БАСЫП КЕТУ ҚАУПІ БАР ЖЕРЛЕРДЕ ОРНАЛАСАТЫН БАСПАНАЛАР

11.1 Су басып кету қаупі бар жерлерде орналасатын баспаналар гравитациялық

немесе шайып кететін болқындардың гидравликалық ағынының әсерін ескере отырып, осы нормалардың барлық талаптарына сәйкес болулары керек.

11.2 * Паналардың тіреуші конструкциялары, қорғаныс-саңлаусыз есіктері (люктері) және тағы басқа қорғаныс қондырғылары ғимараттың жобасында көрсетілген су бағанының гидростатикалық қысымына есептеулер арқылы тексеруден өтуі керек.

Есепте қабылданған құрылысқа су бағанынан түсетін гидростатикалық қысым 1 кгс/см^2 жүктемеден аспауы тиіс. *(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШІК 16.05.2025 ж. №74-НҚ бұйрық)*

Ғимараттың барлық шығып тұрған элементтері, апаттық шығу орындары, ауа жолдары, шахталар және басқалары соққы толқындар мен гидравликалық ағындырдың жекелей әсерлеріне беріктігі мен шыдамдылығы есептеулер арқылы тексеруден өтулері керек.

11.3 Су басып кету қаупі бар жерлерде орналасатын баспаналар жеке және үлгідегі проектілер бойынша біртұтас монолитті темірбетон конструкциялардан және тұтас фундамент плитасымен салынулары керек.

Су басып кету қаупі бар жерлерде орналасатын баспаналар үшін мына класстағы бетон қолданылуы керек: қысуға беріктігі - В15 төмен емес, аязға шыдамдылығы - F75, су өткізбеушілігі - W6, бетон және темірбетон конструкцияларлы жобалау нормативтік құжат талаптарына сай.

12 ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ТАЛАПТАРЫ

12.1 Соққы толқын әсері аумағында орналасқан паналар мен баспаналар орналастыру қарастырылған ғимараттар мен имараттардың өртке төзімділігі II дәрежеден ке болмауы қажет.

12.2 Қорғаныс имараттардың бөлмелерінің ішін өңдеуге жанбайтын не жануы қиын материалдар қолданылуы қажет. Жатын орындар мен басқа қондырғылар жасауға жанатын синтетикалық материалдар қолдануға тиым салынады.

Пана ретінде жертөледе орналасқан киім шешетін бөлмені пайдаланғанда, үй және жұмыс киімдерді металл ілгешектер мен металл шкафтарда сақтау қажет.

12.3 Ауа шығаратын желдеткіштің жүйесіне электрқозғалтқышы бар саңлаусыз клапан қондырылуы қажет, ол желдеткішті іске қосқанда бірге ашылуы қарастырылуы қажет.

Желдеткіштің іске қосылуы қарастырылады:

- а) іске қосқыш құрылғылары арқылы;
- б) бейбіт уақытта қолданылатын негізгі кіретін есік жанында қондырылатын іске қосқыш құрылғылары арқылы;
- в) түгіндік хабарлағыштардан.

Желдеткішті іске қосумен бір мезгілде ауа шығаратын желдеткіш жүйесінің вентиляторы ажыратылады және ондағы саңлаусыз и закрываются герметические клапан жабылады.

12.4 Қорғаныс имараттары емін еркін кіріп шығатын ені мен биіктігі бар екіден кем емес кіретін есіктері болуы қажет.

ҚР ҚН 2.03-03-2014

12.5 Қорғаныс имараттарында өртсөндіру құрылғыларды бейбіт уақытта кәдімгі есіктері бар ойықтар арқылы кіргізу қарастырылуы қажет.

12.6 Қорғаныс имараттары бейбіт уақытта оларды қолданумен сәйкес бірінші ретті өрт сөндіру құралдарымен (көбікті өртсөндіргіштер, құм және т.б.) жеткілікті мөлшерде жабдықталуы қажет.

12.7 Азаматтық қорғаныс нысандарын жобалағанда пана орналасқан ауданда жаппай өрт шалғанда өрт жағдайы мен газдалуды бағалау жүргізіледі.

ӘӨЖ 625.72

МСЖ 93.080.01, 93.080.1093.080.20

Негізгі сөздер: азаматтық қорғаныс нысандары, инженерлік-техникалық шаралар, паналар, радиацияға қарсы баспаналар, қорғаныс имараттары, радиация, соққы толқын

СОДЕРЖАНИЕ

ВВЕДЕНИЕ

| | | |
|----|---|----|
| 1 | ОБЛАСТЬ ПРИМЕНЕНИЯ..... | 1 |
| 2 | НОРМАТИВНЫЕ ССЫЛКИ..... | 1 |
| 3 | ТЕРМИНЫ И ОПРЕДЕЛЕНИЯ..... | 2 |
| 4 | ЦЕЛИ И ФУНКЦИОНАЛЬНЫЕ ТРЕБОВАНИЯ..... | 3 |
| | 4.1 Цели нормативных требований | 3 |
| | 4.2 Функциональные требования..... | 4 |
| 5 | ТРЕБОВАНИЯ К РАБОЧИМ ХАРАКТЕРИСТИКАМ | 5 |
| | 5.1 Требования по размещению убежищ..... | 5 |
| | 5.2 Требования по размещению противорадиационных укрытий..... | 6 |
| 6 | ТРЕБОВАНИЯ К ОБЪЕМНО-ПЛАНИРОВОЧНЫМ И КОНСТРУКТИВНЫМ РЕШЕНИЯМ УБЕЖИЩ..... | 7 |
| | 6.1 Объемно-планировочные решения..... | 7 |
| | 6.2 Конструктивные решения..... | 7 |
| | 6.3 Гидроизоляция и герметизация..... | 8 |
| 7 | ТРЕБОВАНИЯ К ОБЪЕМНО-ПЛАНИРОВОЧНЫМ И КОНСТРУКТИВНЫМ РЕШЕНИЯМ ПРОТИВОРАДИАЦИОННЫХ УКРЫТИЙ..... | 8 |
| 8 | НАГРУЗКИ И ВОЗДЕЙСТВИЯ И ИХ РАСЧЕТНЫЕ ХАРАКТЕРИСТИКИ | 9 |
| 9 | ТРЕБОВАНИЯ К САНИТАРНО-ТЕХНИЧЕСКИМ СИСТЕМАМ..... | 10 |
| | 9.1 Вентиляция и отопление убежищ..... | 10 |
| | 9.2 Вентиляция дизельных электрических станция (ДЭС)..... | 11 |
| | 9.3 Вентиляция и отопление противорадиационных укрытий..... | 11 |
| | 9.4 Водоснабжение и канализация убежищ и ДЭС..... | 12 |
| | 9.5 Водоснабжение и канализация противорадиационных укрытий..... | 12 |
| 10 | ЭЛЕКТРОТЕХНИЧЕСКИЕ УСТРОЙСТВА И СВЯЗЬ..... | 13 |
| | 10.1 Электроснабжение и электрооборудование..... | 13 |
| | 10.2 Электроосвещение..... | 13 |
| | 10.3 Защищенные ДЭС..... | 14 |
| | 10.4 Связь..... | 15 |
| 11 | УБЕЖИЩА, РАЗМЕЩАЕМЫЕ В ЗОНЕ ВОЗМОЖНОГО ЗАТОПЛЕНИЯ..... | 15 |
| 12 | ПРОТИВОПОЖАРНЫЕ ТРЕБОВАНИЯ..... | 16 |

ВВЕДЕНИЕ

Настоящий документ разработан в рамках реформы нормативной базы строительной сферы Республики Казахстан, в соответствии с параметрическим методом нормирования, ориентированного на интеграцию строительной отрасли в региональную и мировую социально-экономическую систему.

